

**Жер учаскелері ақысыз негізде меншікке
берілетін отандық өнеркәсіп
кәсіпорындарының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16
мамырдағы № 497 қаулысы.

"Егемен Қазақстан" 21.05.2014 ж. № 98 (28322);
"Казахстанская правда" от 21.05.2014 г. № 98 (27719);
Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 34, 318-
құжат. Басуға қол қойылған күні 04.07.2014 ж.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 9-бабы 3-тармағының 2-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған жер учаскелері ақысыз негізде меншікке берілетін отандық өнеркәсіп кәсіпорындарының тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Облыстардың әкімдіктері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тізбеге енгізілген кәсіпорындарға жер учаскелерін беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан
Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 16
мамырдағы
№ 497
қаулысымен
бекітілген

**Жер учаскелері ақысыз негізде меншікке берілетін
отандық
өнеркәсіп кәсіпорындарының тізбесі**

*Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР
Үкіметінің 23.11.2017 № 766 қаулысымен (алғашқы ресми*

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

р/с №	Кәсіпорын	Инвестициялық жобаның атауы	Өңір
1	2	3	4
1	"ЕНКІ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қыш кірпіш өндіру зауытын салу	Ақмола облысы
2	"Қазатомөнеркәсіп" күкірт қышқылы зауыты" бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Өндірістік қуаты жылына 180 мың тонна күкірт қышқылы зауытын реконструкциялау	Ақмола облысы
3	"АЗИЯ АВТО Қазақстан" акционерлік қоғамы	Өскемен қаласында толық циклді автозауыт және автокомпоненттер өндіретін технопарк салу	Шығыс Қазақстан облысы
4	"СемАЗ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"Беларусь-3022ДЦ.1" тракторын құрастырып өндіру	Шығыс Қазақстан облысы
5	"АСІГ" акционерлік қоғамы	Цемент зауытын салу	Жамбыл облысы
6	"Тараз құбыр зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Полиэтиленді құбырлар және тамшылатып суаруға арналған құбырлар шығаратын зауыт салу	Жамбыл облысы
7	"БиномСтройДеталь" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Құрылыс материалдары комбинаты	Жамбыл облысы
8	"Орал трансформатор зауыты"	Қуаттылығы 20-1200 кВт болатын	Батыс Қазақстан облысы

	жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	трансформаторлар өндірісі	
9	"Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Темір жол жүк вагондары үшін ірі құймалар өндірісі	Қарағанды облысы
10	"NORD Пром НС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бетон теміржол шпалдарын шығару	Қарағанды облысы
11	"Евромет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Көмірден металлургиялық коксты жанама ала отырып, жылу техникалық кешенінің екінші кезегін салу және пайдалануға беру	Қарағанды облысы
12	"Мерей" медициналық фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Медициналық мекемелер үшін біржолғы өнім өндірісін ұйымдастыру	Қарағанды облысы
13	"Вару Mining" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Темір кенін өндіру және қайта өңдеу	Қарағанды облысы
14	"Қостанай ҰББ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қостанай қаласында жылына тұрғын үйдің 70 мың шаршы метріне арналған үй құрылысы комбинатын салу	Қостанай облысы
15	"БК-Строй" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Құрастырмалы темірбетон өндіру зауытын салу	Қостанай облысы

16	"Format Mach Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1). Ірі және орта құймаларды шығаруды ұйымдастыру 2). Машина жасау өндірісін жаңғырту	Павлодар облысы
17	"Format зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Марганецті құйма өндірісін ұйымдастыру	Павлодар облысы
18	"Kazakhstan Project" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1). Дәретхана қағазының, қағаз сүлгілер мен қағаз майлықтарының өндірісі 2). Жұмыртқаға арналған лотоктар және басқа да қағаз өнімдері өндірісін ұйымдастыру	Павлодар облысы
19	"Технологиялық желілер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Құйма өндірісін жаңғырту	Павлодар облысы
20	"LTD мұнай химия компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Полимерлік бұйымдар өндірісі	Павлодар облысы
21	"ЮгПласт компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қуаттылығы жылына 6000 тонна болатын полиэтиленнен қысым құбырларын шығару жөніндегі зауыт салу	Оңтүстік Қазақстан облысы
22	"ЕвроКристалл" жауапкершілігі	Қуаттылығы 60 млн. бірлік бос шынылар	Оңтүстік Қазақстан облысы

	шектеулі серіктестігі	қораптарын өндіру жөніндегі зауыт салу	
23	"Зенит" Орал зауыты" акционерлік қоғамы	2013 – 2015 жылдарға арналған құрғақ салмағы 600 тоннаға дейінгі жаңа сыныпты кемелерді және басқа ірі габаритті өнімдер шығаруды игеру үшін теңіз кемелерін жасауды дамыту	Батыс Қазақстан облысы
24	"Гидроприбор" ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы	Шағын катерлердің кеме жасау өндірісін кеңейту және жаңарту	Батыс Қазақстан облысы
25	"Семей машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы	"Семей машина жасау зауыты" акционерлік қоғамын реконструкциялау, жаңғырту және дамыту және оның базасында МАЗ автотехникасын құрастыру өндірісін құру	Шығыс Қазақстан облысы